**«Мұхтар Әуезов атындағы тірек мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Қамқоршылық кеңестің**
**№4 хаттамасы**

**Қазақ ауылы** **«28» қыркүйек 2020 жыл**

**Қатысқандар: 11**

**Күн тәртібінде:**

1.Мектеп директорының Қамқоршылық кеңес алдындағы есебі.

**1.1.Тыңдалды*: М.Сарсенова –мектеп директоры:***

Оқу процесін ұйымдастыру кезінде білім беру ұйымдары әдістемелік нұсқау хаты, сонымен бірге «Короновирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде білім беру ұйымдарына оқу процесін жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алу керектігін айта келе мектебіміздің дәстүрлі оқитынымызды және осы кезеңде төтенше жағдайға байланысты санитарлық нормалардың сақталуын айтты.Мұхтар Әуезов атындағы тірек мектебінің ақпараттық картасымен таныстыра келе, мектептің жұмыс тақырыбын, мақсат-міндеттерін айтып өтті.
Мұхтар Әуезов атындағы тірек мектебінің үш жылдық білім сапасының, пән олимпиадасының, интелектуалдық ойындардың, ҰБТ бойынша көрсеткіштері айтылды . Осы көрсеткіштердің нәтижесінде білім сапасын арттыру бағытындағы мәселелер баса айтылды. Мектепке «ТОО Компания ISLAM құрылыс 2020» мердігерлік компаниясы жалпы құны 4 млн. 90 мың теңге көлемінде жапсарлас әжетхана құрылысын жүргізді. Әжетхана құрылысы толығымен аяқталып,оқушыларға пайдаланылуға берілгенін айта келе, сонымен қатар мектеп жанына ЖШС «Қанат» мердігерлік компаниясы жалпы сомасы 88 млн.194 мың теңге көлемінде Акт залы және екі оқу кабинеті құрлысы жүргізілгенін айтты. Ол өз сөзінде 2020 жылда аудандық білім бөлімінің бюджетінің есебінен берілген заттарға тоқталып өтті. Олар: Еріткіш 20л,шелек 12 шт,краска шетка-10 шт,валик-10шт,тепловизор-2шт,әк-50 кг, цемент-500 кг, гипсополмер-150кг, дихлор-2 банка, водоемультсия ішкі-400кг,ақ сыр-60 кг,көк сыр-60 кг,қоңыр сыр-60 кг,сары сыр-10 кг,қызыл сыр-20 кг. Жалпы сомасы: 271760 теңге.

**1.1. Сөйледі: *Ниязқұлов Өмен- Қамқоршылық кеңес мүшесі:***
Мынау жаратылып жатқан жұмыстар өте орынды екенін айта келіп , барлы істердің орынды екенін айтып өтті.

**1.1. Сөйледі. *Омаров Исатай - Қамқоршылық кеңес мүшесі***
Мектеп директорының есептік баяндамасын қанағаттанарлық деп есептейтінін, алайда мектеп заман талабына сай жаңғырып, жаңарып тұруы үшін мектепке қанша бояу жағып әрлегенімізбенен пайда шамалы екенін, мектептің сыры , едендері, линолеумдары тозғанын, мектепке күрделі жөндеу жұмыстары керек екенін айтып өтті.

**Шешім:**

1.Мұхтар Әуезов атындағы тірек мектебіндегі қамқоршылық кеңестің жұмысын жүргізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылығы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №355 бұйрығын басшылыққа ала отырып жүргізілсін.

2.Қамқоршылық кеңес жұмысын жандандыру мақсатында білім беру ұйымына қолдау көрсету, атап айтқанда оның жарғылық функцияларының іске асырылуына, қаржылық қолдауды қамсыздандыруда, материалдық техникалық базасының нығаюына көмектесу және оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу жұмыстары жандандырылсын.

3. 2020-2021 оқу жылының аяғында мектепте жүргізілетін ағымдық жөндеу жұмыстарын күрделі жөндеу жұмыстарына ауыстырылуы талап етілсін.

1. Сағынбеков Қонысбай Оразханұлы ..............................қамқоршылық кеңес төрағасы
2. Айтуленов Дастан Тұрсынұлы........................................... қамқоршылық кеңес мүшесі
3. Омаров Исатай Файзуллаұлы........................................... қамқоршылық кеңес мүшесі
4. Искаков Шәмшіхан-...........................................................қамқоршылық кеңес мүшесі
5. Ташенов Тойлан Оңалұлы-.................................................қамқоршылық кеңес мүшесі
6.Ниязқұлов Өмен ................................................................. қамқоршылық кеңес мүшесі
7. Туртеев Боран Коишыбаевич ............................................. қамқоршылық кеңес мүшесі
8. Умиралиева Майра Бейсеналиевна ...................................қамқоршылық кеңес мүшесі
9. Амреева Шәрбану Чинтаевна.............................................қамқоршылық кеңес хатшысы